

«АЛЖИР» мұражайы-мемориалды кешеніне бару

2013 жылдың 23 қараша күні «Маркетинг және сервис» кафедрасының топ жетекшілерімен экономика факультетінің студенттерін Ақмол кеңшарындағы «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризмнің құрбандарының кешеніне апару ұйымдастырылды.

Мұражайда студенттер үшін танымдық экскурсия ұйымдастырылды, онда «Сталиндік қуғын-сүргін» кезеңінің тарихына шолу жасап қана қоймай XIX-XX ғ.ғ. Қазақстан тарихына да шолу жасады. Студенттер Қазақстан облыстарының елтаңбалары сияқты экспонаттарымен, қазақ жерлерін басқару принциптерін орнататын ескі құжаттардың көшірмелерімен, еркіндік және тәуелсіздік үшін күрескен алғашқы адамдар туралы, ұлт-азаттық қозғалыстардың көсемдері туралы мағлұматтармен танысты. Сонымен қатар құжаттарда Қазақстандағы Кеңес үкіметінің қалыптасуы, ұжымдастыру, 1930 жылдардағы ашаршылық және т.б., 1986 жылдағы желтоқсан оқиғаларына дейін көрсетілген. Экспозиция бөлімі Қазақстанның қуғын-сүргінге ұшыраған Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов, Темірбек Жүргенов және т.б. сияқты, сонымен қатар танымал ақындар мен жазушылар: Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. сияқты мемлекеттік және саяси қызметкерлердің фотосуреттері мен құжаттарынан (жеке құжаттар, жауапқа алу және айыптау нәтижелері парақтарының көшірмесі) тұрады.

Мұражайдың экспозициясының екінші бөлімінде Ақмола лагерінің тарихын ашқан және ол «АЛЖИР тұтқындары» деп аталған. Бұл жерде студенттер мұрағаттық құжаттарды, фотосуреттерді, жауап алу хаттамаларын, ату жазасы туралы өкімдерді, қуғын-сүргінге ұшырағандардың жеке іс-қағаздарын, әдебиеттік шығармаларын, басылымдарын, сонымен қатар соның ішінде болған Рахиль Плисецкая (Майя Плисецкаяның анасы), Галина Серебрякова, Лидия Русланова және т.б. Кеңес үкіметі кезеңінің танымал адамдарының жеке заттарын көре алды.

Экскурсия соңында студенттерге «Сталиндік» кезең деп аталатын Ақмола лагерінің тарихы туралы деректі фильм көрсетілді. Студенттер сол бір қиын кезеңдегі қазақ халқының өміріне сыйластықпен және қайғыларына ортақтасты.

